

## **"Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының арнаулы әскери атақтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2831 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес Қаулы Етемін:

1. "Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының арнаулы әскери атақтары туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 122-құжат; 1993 ж., N 17, 420-құжат) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1. Заңның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы".

2. Заңның мәтініндегі "арнаулы әскери атақтар", "арнаулы әскери атағынан", "арнаулы әскери атақтарынан" сөздері тиісінше "арнаулы атақтар", "арнаулы атағынан", "арнаулы атақтарынан" сөздерімен алмастырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті